

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 9 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 сәуірде № 7071 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № 30 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округі әкімінің 18.11.2020 № 30 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мұғалжар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 17 сәуірдегі № 02-13-4/70 ұсынысы негізінде, Мұғалжар ауданының Жұрын ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мүйізді ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты Мұғалжар ауданы Жұрын ауылдық округінің Көбелей ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Мұғалжар ауданының Жұрын ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жұрын ауылдық округінің әкімі*

*Р. Үргенішбаев*